

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

13. Мүсіреп Ғ. Ежелгі Қытаймен жаңаша қатынас// Егемен Қазақстан.- 2002. - 25 желтоқсан.

14. Доронин Г. Добрососедство и дружба - на века// Казахстанская Правда.-2002. - 24 декабря.

15. Нестеренко С. Казахстан-Китай: новый импульс стратегическому партнерству// Казахстанская правда. - 2003. - 4 июня. *** В данной статье рассматриваются дипломатические отношения Республики Казахстан с КНР. И начальные переговоры, визиты руководителей двух стран.

16.Егемен Қазақстан газеті\ G20 саммиті.2016ж 4-6 қыркүйек

17.Шелковый путь-ревю\страница \7\ . 2016г 10 октябрь. «ШОС ПЛЮС», «Один пояс и один путь»

18.Востоковедения. Вестник 2009 г. №49.

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ

Токанов Е.Е.

ЕҰҰ-тің заң факультетінің 1-ші курс студенті

Тьютор: Ибрагимов Ж.И.

Заң ғылымының докторы

Жақында, 1-ші желтоқсанда, Қазақстан Республикасының бірінші Президенті күні жақындап келе жатыр. Осыған орай Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаевтің ең маңызды идеяларының бірі Еуразиялық Экономикалық Одақ жөніндегі ғылыми жоба жазылды. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық одақ құрылды. Ол қандай одақ? Ең алдымен ол экономикалық одақ, яғни оған мүше елдер өздерінің экономикалық іс-әрекетін бірігіп, жоспарлап, бір-бірімен келісіп атқарады. Екіншіден, ол ұжымдық қауіпсіздікті бірігіп ұйымдастыру үшін қажет. Оған мүше елдер бірігіп әртүрлі қауіпсіздік шараларын жүргізді. Бұл осы одаққа мүше елдерге көптеген экономикалық артықшылықтар алып келеді. Бұл одаққа Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғыстан және Ресей Федерациясы кіреді.

Қазіргі әлемде орын алып отырған жағдай мемлекеттердің дамуы үшін бірігіп экономиканы жүргізу қажет екенін көрсетті. Әр мемлекет өзі жеке экономиканы жүргізгеннен гөрі бірігіп жұмыс істеу тиімдірек, жай тиімді ғана емес өмірлік қажетті екені айқын байғалды. Еуропада Еуропалық Одақ, Америкада Меркосур, Кариб қауымдастығы секілді интеграциялық ұйымдар пайда болды. Ал сол уақытта бізде Кеңес Одағы ыдырап жатты, әр мемлекет өзінің қалауы бойынша экономиканы ұйымдастырып, бір-бірінің мүдделерін ескермей немесе дұрыс емес экономика жүргізуге көшті. Ал Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1994 жылдың өзінде бұл жағдайды түсініп, интеграция қажеттілігін айтты және оны құру жолында аянбай еңбек етті. Алғашында ол идеяны қолдағандар жоқтың қасы болды, бірақ уақыт өте келе оның қажеттілігі дәлелденді.

Алайда бұл интеграция бір мезетте пайда қала қалған жоқ. Ол көптеген еңбектің арқасы. ТМД, кейін Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Кеден Одағы, Біртұтас экономикалық кеңістік – осының барлығы Еуразиялық экономикалық одақты құру жолы, бүкілі жеке-жеке үлкен жоба, еңбек.

«Еуразиялық одақ" тұжырымдамасы идеясының мәні — Батыс пен Шығыстың заманауи нақты жағдайларын есепке ала отырып, солтүстік Еуразия мен Орталық Азия елдерінің біртұтас экономикалық, геосаяси, тіпті саяси кеңістігін біріктіру. Бұл бірлесіп даму, техносфера мен экономиканың жаңғыртылуы, шаруашылық заңнамалардың стандартталуы, тариф, квота және төлем құралдарының эмиссиясы салаларында тепе-теңдік саясатының жүзеге асырылуы, ортақ кедендік және көлік жүйесінің құрылуы, отын-энергетикалық кешенінің біріге жұмыс атқаруы, сонымен қатар қорғаныс және қарулы күш салаларының келісімдері қамтамасыз етіледі деген сөз. Яғни Достастық елдердің, оған қоса шекаралас мемлекеттердің аймақтық ықпалдасуына мүмкіндік беруі мүмкін. Еуразиялық моделді жүзеге асыруда Қазақстанның мемлекет басшысы алғашқы нақты қадамдардың бастамашысы бола білді және белсенді қатысты: «Кеден одағы», Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жиынының бастамалық идеясымен «Ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісімшартқа» (2003 жылдан бастап ҰҚКҰ) қол қойылуы, Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты және Біртұтас экономикалық аймақты қалыптастыру (БЭА). БЭА — жаһандық экономикаға кірігу көрші мемлекеттер арасында аймақтық деңгейден басталатынын ескерсек, 2003 жылдың 19 қыркүйегінде Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина Президенттерінің Біртұтас экономикалық аймақ құру туралы Келісімге қол қоюы заңдылық. Мұндай қағидаларға сәйкес құрылған ұйымдар: НАФТА, МЕРКОСУР, ЦЕФТА, АТЭС, АСЕАН, СААРК, САДК және басқалар. БЭА қалыптасуының негізі әлемдік жаһандану үрдісі жағдайындағы экономикалық тиімділік пен біртұтас мақсаттық қағидасы. Оның құрамындағы Қазақстанды да келісімге қатысушы-елдердің кедендік территориясының бірігуіне, үшінші мемлекетке қатысы бойынша біртұтас сыртқы сауда саясатын жүргізу, сол сияқты келісілген салық, ақша-несие және валюта-қаржы саясаты қызықтырады. Яғни БЭА мүше болу арқылы елдің экспорттық әлеуетін дамытуға, республикаға келетін импорттық бағаны біршама арзандату, Қазақстанмен, жалпы технологиялық циклмен байланысты Ресей, Украин және Беларус кәсіпорындарымен кооперациялық байланысты кеңейту, ТМД елдері бойынша көршілермен сауда-экономикалық байланысты кеңейту[1].

Еуразиялық одақты бұрынғы КСРО-ға қайта оралу емес, интеграциялық қай--та жаңғыру деп түсінген жөн. Өйткені, Еуразиялық одаққа бастар жол – Кеден одағын қарастырсақ, қазіргі еларалық достық тікелей ақшаға байланысты. Бұл жерде қаржы белгілі бір саяси шешімге қатысты бөлінейін деп жатқан жоқ. Мұнда тараптар келісімді түрде қаржы бөліп, дивидендтерін алып отырады. Қазақстан, Ресей, Беларусь – бәрі тең, дербес мемлекет болғандықтан, әр мемлекет өз мүддесіне қарай шешім қабылдайды. Бұл бір ғана елдің саяси идеясы емес. Мұндағы салық заңдары, кеден заңдары арқылы кәсіпкерлердің өздерін өте жайлы сезінуіне, өндірісін дамытуына, салығын лайықты түрде

төлеуіне жағдай жасалады. Қазір осы қағида жүзеге асырылып жатыр. Бірақ, бұл Кеден одақта үлкен мәселе туғызатын Кеден кодексін айтуға болады. Сондықтан, кодексті қайта қарау керек секілді. Әзірге Кеден одағындағы іс-әрекеттер кеден саласындағы процедураларды жеңілдетуге бағытталмаған. Ендігі жерде сол түрлі заңдарды реформалау қажеттігі туындап отыр. Мәселен, еңбек құқығын жақындастыру керек. Бұл ретте айтарлықтай айырмашылықтарымыз бар. Салық жүйесінде де біркелкілік болғаны жөн. Әрине, қазір саяси еркіндік бар. Әр ел өз көзқарасын білдіру керек, білдіріп те жатыр. Сол себепті, осы мәселені терең ойланып, экономикалық тұрғыдан толық талдап, жасау қажет. Жалпы, жаңа Кедендік Одақ құрылғаннан бері, макроэкономикалық тиімділігін байқауға болады. Кедендік Одақ қатысушы-мемлекеттер үшін айтарлықтай, оң пайдасын беруде. Шетел инвестицияларын тарту, ұлттық ЖІӨ өсуі, өнімнің өзіндік құнын төмендету және басқа да көптеген шешуші көрсеткіштер бойынша оң динамиканың неғұрлым нақты цифрларын беріп жатыр. Үш мемлекеттің экономикалық субъектілерінің бірегейлендірілген кедендік тарифтер мен импорттық баж салықтарына бейімделу кезеңіне байланысты белгілі бір қиындықтар туындады. Ұлттық кедендік әкімшіліктер арасында жекелеген сәйкессіздіктер бар, олар Кеден одағы комиссиясының тәсілді жұмыстары арқылы жойылып келеді. Кеден одағы қазақстандық өндірісшілер үшін өткізу нарығының шекарасын Бресттен Владивостокқа дейін кеңейтті. 2011 жылы біздің экспорт Ресейге 60 пайызға, ал Беларусь мемлекетіне 2,3 еседен астамға өсті. Біртұтас кеден аумағы ішінде шетел валютасын алып жүруге қойылған шектеулер алынып тасталды. Бұл Ресей мен Беларусь мемлекетінің тауар өндірушілері үшін жасалды. Осылардың бәрі, байқағанымыздай, барлық қазақстандықтар, ресейліктер және беларусьтер үшін нақты тиімділіктер. Біздің елдеріміздің азаматтарының кедергісіз өтуі үшін бірлескен шекараларымыз мөлдір болып келеді. Қазақстанның, Ресейдің және Беларусьтің Кеден одағы - бүкіл ТМД кеңістігіндегі шынымен де ерікті және тең құқықты интеграцияның бірінші формасы. Бұл тарихта алғаш рет біздің елдеріміздің халықтарын өзара сыйластық, ұлттық болмысты сақтау және ортақ болашақтың бөлінбестігін түйсіну негізінде жақындастырады. Кеден одағының біртіндеп Біртұтас экономикалық кеңістікке, ал уақыт өте келе, Еуразиялық экономикалық одаққа ауысуы біздің халықтарымыздың өркендеуі үшін қуатты ынталандырушы күшке айналып, біздің елдерімізді кең ауқымды әлемдегі жетекші позицияларға алып шығады[2].

Өз елдерінің экономикалық жағдайына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларға талдау жасаған соң және оны түбегейлі жақсарту мәселесін басшылыққа ала келіп, Ресей, Қазақстан және Беларусь елдерінің басшылары бастапқы кезеңде Кедендік одақ (КО), артынан – Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК), ал ең соңында түпкілікті мақсат - Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құру туралы шешімге келді. РФ үкіметінің төрағасы В. Путин және Қазақстан мен Белоруссия президенттері Н. Назарбаев пен А. Лукашенко 2011 жылдың қазан айында «Известия» газетіне берген осы үрдістердің барысына берген талдаулық пікір сұқбаттары - бағдарламалық

мазмұндағы тарихи мақалаларға айналды. Онда посткеңестік кеңістіктегі көпдеңгейлі және түрлі бағыттық интеграция бойынша жүріп өткен жолға баға баға бере, алдағы интеграциялық мақсаттардың (Еуразиялық одақ құру туралы) негізгі стратегиялық қағидалары қарастырылды. Президент Н. Назарбаев, өзінің ТМД мемлекеттері негізінде Еуразиялық одақ құру туралы пікірін 1994 жылдың наурызында білдіргенін еске сала отырып, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық мұраттарға адалдығын танытып қана қоймай, сонымен қатар бұл жобаның түрлі аспектілерін дамыту мен нақтылауды жалғастыруға дайын екендігін білдірсе[3], Президент В. Путин «замамнауи әлемнің полюстерінің бірі болуға лайықты қауқарлы ұлтаралық құрылым» - Еуразиялық одақты 2015 жылға қарай құру - оған қатысушыларға экономикалық және валюталық саясатты үйлестіруге, толық қанды экономикалық одақ құруға мүмкіндік береді деген пікір білдірді[4].

Еуразияның геосаяси маңыздылығын түсіну үшін батыстықтардың аймақ туралы кең танылған теориясын қарастырайық. Еуразия құрлығы туралы сөз болғанда геосаясат теоретиктерінің бірі ағылшын Халфорд Ж.Макиндердің heartland, яғни «жердің жүрегі» («Жерұйық») теориясына назар аудару қажет. Ол теория бойынша, кез келген географиялық кеңістіктің немесе мемлекеттің ең стратегиялық маңызды аймағы оның ортасы, орталығы болып табылады. Макиндердің пікірінше, дүниежүзінде ықпал жүргізу үшін Еуразия құрлығында, ал Еуразияда ықпалды болу үшін сол құрлықтың ортасында, яғни ішкі аймағында басымдыққа ие болу шарт. Расында, бұл теория Ресейге де, біздің аймағымызға да қатысты. Орталық Азия жоғарыда аталған heartland, яғни кіндік аймаққа кіретін географиялық кеңістікте орналасқандықтан, тек теория ғана емес, сондай-ақ, геосаясаттың нысанасына айналып отыр. Бұл атлантистік теорияның мәні Батыстың Еуразияға қалай қарайтындығын білдіріп қана қоймай, оның аймағымызға қатысты геостратегиялық ниетінен де жақсы хабар береді.

Елбасымыздың саяси ойларының дамуында еуразияшылдықтың орны өте үлкен. Елбасы кеңестік экономиканың құрылымын, мүмкіндіктерін, басқару тетіктері мен нақты жағдайын жақсы білгендіктен, 90-жылдардың басынан-ақ шашыраған посткеңестік экономикаларды қайтадан біріктірудің амалдарын ойластырды. Өйткені, Қазақстанның экономикалық шаруашылығы, өндірісі мен өнеркәсібі Ресей мен өзге кеңестік елдермен ажыра-мас-тай тығыз байланыста, бір-біріне тәуелді, әрі өзара кіріккен еді. Республик-алар арасындағы өндірістік және іскерлік байланыстардың бірден үзіліп қалуы үлкен экономикалық, саяси, әлеуметтік және ұлтаралық дағдарыстарға алып келді.

Сол қиын аласапыран кезеңде пост-кеңес-тік елдердің саяси тәуелсіздігін сақтаумен қатар, тиімді экономикалық интеграция құрудың мүмкіндігі Елбасымыздан басқа ешкімнің ойына кіріп шықпады. Өйткені, бір кездері ірі жаһандық мемлекет болған КСРО-дағы республикааралық қатынастар мен аймақаралық байланыстардың бірнеше жылдың ішінде бірден құрдымға кетуі мүмкін емес еді. КСРО сияқты күрделі құбылыс өз артына инерциясын, босаған энергиясын қалдырды. Бұл - табиғи физикалық үрдіс. Яғни, ұзақ уақыт пен үлкен кеңістікті қамтыған державадан қалған саяси бірліктер өздерін біріктіре

алатын ортақ тарихи-мәдени, қоғамдық-саяси құндылықтарға сүйене отырып, экономикалық тұрғыда бірлесе алады. Бұл идеяның әзірше тәжірибеден гөрі теориясы басым.

Қалай десек те, үш мемлекеттің одақ құруы КСРО-ның саяси ыдырауынан кейін пайда болған идеологиялық бос кеңістіктің орнын толтыруға, мем-ле-кетаралық индус-триялық-экономикалық қатынастардың үзілуінің келеңсіз салдарларын жұмсартуға және ұлтаралық-еларалық қатынастарды нығайтуға ба-ғытталған деуге де болады. Осы орайда, мынадай методологиялық сұрақтарды қойып, соларға жауап іздеуге тиіспіз. Құрылып жатқан экономикалық одақтың теориялық негіздері неде? Қа-зақстан еуразиялық интеграциядан қандай нақты тәжірибе алмақшы? Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен мүддесіне қалай әсер етеді?

Кез келген интеграциялық одақ белгілі саяси-экономикалық құндылықтарға сүйе-неді. Теориялық тұрғыда, еуразиялық эконо-микалық интеграция посткеңестік елдер-дің нарық, теңдік және өзара тиім-ділік сияқты жаңа экономикалық құн-ды-лықтары негізінде қалыптасады. Сонда ғана ықшамды, жаңашыл және дина-микалық одақ құрылуы мүмкін. Әрине, интеграцияға қатысты қалыптасқан қа-саң стереотиптер мен скепсизмнің жойы-луы үшін одақтың қағидаттары, ереже-лері мен идеологиясы ашық және әділ негіздерге сүйенуі тиіс. Еуразиялық одақ, сондықтан Еуропалық одақтың үлгісін негізге алып отыр. Интеграцияның сәтті-лігі мен баяндылығы, бірінші кезекте, Мәскеудің стратегиялық ниетіне, бұрын-ғы қателерді қайталамауына, одақ-ты саясиландырмай, экономикаға мейлін-ше көңіл бөлуіне, мүше елдердің ұлт-тық мүдделерін сақтауына, теңдік пен әділ-дік-ті қамтамасыз етуіне байланысты болмақ.

Еуразиялық интеграцияның ядросы мен анықтауышының Ресей екендігі еш күмән туғызбайды. Қазақстан бұл елмен экономикалық түрде ынтымақтасып, бәсекелестікке үйренуде. Ресей мен Қазақ-стан арасындағы энергетикалық бәсекелестікті жұмсартуға көңіл бөлінуі тиіс. Соңғы жылдарда көршілес мемлекеттің дипломатиялық, саяси, экономикалық жағынан күшейе түскені мәлім. Ресей - Германия немесе Үндістан сияқты әлемнің іргелі, ажырамас әрі органикалық бөлшегі. Ресейге құрмет көрсеткен елдер ғана оның құрметіне ие болады. Бұл ел екінші санаттағы держава ретінде өзгеру, қайта бағалау, пайымдау, даму үстінде. Ресей екіполярлы әлемнен бас тартып, көпполярлы әлемді мойындағандықтан, ол да жаңа жағдайға бейімделіп, теңдік пен өзара тиімділік қағидаттарына сәйкес жұмыс істеуді үйренуде. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан - Ресейдің ең сенімді серіктесі. Ресей де - Қазақстанның ең сенімді серіктесі. Демек, «қырғи-қабақ со-ғыс-тан» қалған рефле-кстер мен кеңестік кезең-нен қалған комплекстерден құтылу керек.

Интеграция шеңберінде Ресей, ең алдымен, өз мүдделерін қорғауға білек сыбана кіріскені белгілі. Онымен әділ, ашық және шынайы қатынас орната алсақ қана интеграция өз жемісін береді. Қазақстан экономикалық интеграцияны стратегиялық мүдделер, геосаяси тәуекелдер мен үлкен саясат тұрғысынан бағалауы керек. Әрине, еуразиялық интеграцияның қалыптасып, дамуында Қазақстанның рөлі ерекше зор. Егер Еуразиялық экономикалық

одақтан Қазақстанды алып тастасаңыз, одақ өзінің еуразиялық сипатынан айырылып қалады. Қазақстан одақтың ерекше компоненті ретінде жаңа идея ұсынудан еш тартынбауы керек. Егер бұл одақ, Н.Ә.Назарбаев айтқандай, расында инновациялық жоба болса, онда Қазақстанмен бірге Ресей де өзгеруге тиіс. Одақ аясында Қазақстан Ресейдің өзгеруіне себепкер болуы ықтимал. Еуразиялық одақтың экономикалық құндылықтары мен қағидаларының бұлыңғыр болуы оның келешегінің жоқтығын білдірмейді. Әрине, біз бұл интеграцияны идеалдандырудан аулақпыз. Бұл интеграцияның уақытша жоба екеніне де күмәніміз аз. Мәселе өзгермелі жағдайда, құбылмалы әлемде тұрақты және уақытша факторларды шатастырып алмауда.

Интеграцияның қауіпсіздік қырларына келсек, Қытайдың Орталық Азияға экономикалық-саяси ықпалын арттыруы, сырттан халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмнің қысым көрсетуі, кейбір посткеңестік елдерде саяси дағдарыстар мен тұрақсыздықтардың белең алуы («Түрлі-түсті төңкерістер») сияқты себептер Астананың Ресеймен тығыз саяси-әскери салада ынтымақтасуына себепші болды. Түрік сарапшысы Жемил Ертемнің пікірінше, 2008 жылғы Грузиядағы соғыс Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа кіруін жылдамдатқан. Француз сарапшысы Пьер Руссленнің ойынша, Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалының артуына байланысты Ресей одақты құруды жеделдетті. Оның ойынша, интеграция аймақтағы елдердің дамуына жаңа серпін, жаңа сипат береді. Десек те, Қытай Қазақстан мен Орталық Азияның институттық және экономикалық дамуына өз үлесін қосып жатыр. Қытай, Иран, Үндістан, Ресей сияқты ірі күштердің әрқайсысы Еуразия ұғымын өзінше түсінгенімен, барлығы да өңірдегі ірі де алпауыт мемлекеттер болып табылады. Геосаяси тұрғыдан еуразияшылдық ұғымы Ресейдің маңайына топтасқан стратегиялық блоктың құрлықтық конфигурациясы деуге де болады.

Біздіңше, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының келесі тиімді жақтары мен себептерін атауға болады. Олар: Қазақстанның Ресей экономикасымен күрделі байланыстылығы, Қазақстанда ішкі саяси тұрақтылық пен геосаяси қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жанама әсері, ортақ әуе қорғанысы жүйесінің орнығуы, Ресейдің ірі нарқына кіріп, экономикалық бәсекелестікке бейім-делудің мүмкіндіктері, геопси-холо-гиялық жағынан Ресеймен бірге болу арқылы әлемдегі ықпалы мен ата-ғын арттырудың мүмкіндігі, т.б. Сон-дай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық дағ-дарыстың да келеңсіз әсері интеграциялық үдерістерді жеделдетті.

Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстан үшін барлық тиімді және ықтимал зиянды жақтарын салыстыратын болсақ, Астана үшін артықшылықтарының басым екенін айта аламыз. Өйткені, қазір қазақтың саяси элитасы және елдің ішкі тұрақтылығы үшін интеграция өте-мөте тиімді. Қазақстанның геосаяси тұрақтылық жағдайында күшейіп алуы үшін Ресейді Батыспен немесе Қытаймен салыстыруға болмайды. Елдің болашағы тұрғысынан Ресеймен жақын ынтымақтаса отырып, оның экономикасымен бәсекелесіп, ысылып барып, дүниежүзілік бәсекелестікке дайын, қуатты Қазақ мемлекетін қалыптастыру мүмкіндігі зор және алдымызда нақ осы міндет тұр. Ал бұл мақсатты, яғни «2050» Стратегиялық жоспарын орындау үшін Ресеймен

жақсы болу бірінші шарт. Осы тұрғыдан Қазақстан өзінің төңірігіне дұрыс баға беріп отыр. Ресеймен түсінісе алудың өзі үлкен геосаяси жетістік. Үлкен саясатта дәрекі қадамдар жасаудың орнына аяқты байыппен, ақырындап басып, ойды шатастыратын, жаттанды стереотиптерді бұзатын күрделі саясат жүргізу үлкен нәтижелер береді. Әрине, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа енуі - үлкен саясатпен шектесетін үлкен экономика.

Қалай десек те, интеграцияның мәңгі емес, уақытша қадам екендігі турасында да ой түюдің артықшылығы жоқ. Интеграцияда әділетсіздіктер мен келіспеушіліктер орын алған жағдайда Қазақстан одақтан шығуға құқылы. Интеграция алдағы ұлттық дамуымыздың сапасы мен бағытын белгілеуде маңызды рөл ойнайды. Интеграция бізді Ресеймен «ауыз жаласып», табақтас болуға емес, керісінше, өз менімізді, өзімізді, өз ұлттық жолымызды табуымызға көмектеседі.

Қазақстанның Еуразиялық одаққа кіруінің экономикалық себебін негіздеуге қатысты мынадай сұрақ туындайды. Еліміздің одаққа кіруі Ресейден бір нәрсе үйрену үшін бе, әлде, Ресеймен бәсекелесу үшін ойластырылды ма? Интеграциялық одақта экономикалық жағынан ұту үшін Қазақстан экономикасы Ресейдікін тиімділігі және инновациялығы жөнінен басып озуы шарт. Бұл - тым кешенді инновациялық міндет. Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Мұрат Чемректің ойынша, Қазақстан мен Ресейдің экономикалары бір-бірін толықтырудан гөрі, бір-бірімен бәсекелес болғандықтан, экономикалық одақтың алдында үлкен міндет тұр.

Қазіргі жағдайға келсек, 2013 жылы өткен Минск және Мәскеу кездесулерінде Елбасы Н.Назарбаев интеграциялық үрдістің барысын біраз сынға алғаны белгілі. Сынның айтылуы экономикалық одақтың жұмыс істей бастағанын білдіреді. Алғашқы кездесуде саудадағы теңсіздіктер, кедендік сәйкессіздіктер мен техникалық түйткілдер туралы айтылды. Яғни, қазақ тарапы интеграцияның сапасына көңіл бөлуді талап етті. Ал Елбасының одақтың саясианбауы керек дегені Ресей мен Батыс арасындағы текетіреске араласпайтындығын да меңзеуі мүмкін. Десек те, Еуразиялық экономикалық одақты үлкен саясат пен геосаясаттан бөлу мүмкін бе? Мысалы, Мәскеудегі кездесуде Н.Назарбаев Арменияның Кеден одағына кіруі жөнінде сөз болғанда, Таулы Қарабақ мәселесін қозғап, өзінің халықаралық саясаттағы беделін тағы бір көрсетіп қойды. Еуразиялық жобаның шеңберінде түркі факторын да ұмытпағанымыз жөн.

Одақтың философиялық астарына келсек, «Мәңгілік Ел» сияқты тарихи ұлттық идеологияны орнықтыруға бекем бел буған Қазақстан мәңгі одақтың болмайтынын, мәңгі ұлттық мүдденің ғана болатынын ұмытпауы керек. Еуразиялық экономикалық одақтың философиялық негізін орыс және түркі халықтарының тарихи, географиялық, мәдени жақындығы құрайды. Еуразияшылдық әу-баста ресейлік патшалықтың құлауының әсерімен қалыптасқан саяси, идеялық қозғалыс болғанын ескерсек, жаңа еуразияшылдықтың да тоталитарлық жүйенің ыдырауының нәтижесінде қалыптасып жатқанын ұмытпауымыз керек. Еуразиялық теория - үстіртін көзқарас немесе жүйесіз ұғымдар жүйесі емес, керісінше, саясатта жүзеге асып

жатқан күрделі интеграциялық жоба. Еуразиялық одақтағы Қазақстанның алатын орны еліміздің интеллектуалдық-экономикалық серпін жасауына да тікелей байланысты болмақ[5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Турсынов С. Казахстан: рывок в будущее: на пути демократического развития.-Калининград: Янтар. Сказ, 2005.-152.
- 2) Евразийский Союз: от идеи к истории будущего // <http://izvestia.ru/news/504908>
- 3) Н. Назарбаев. «Евразийский Союз: от идеи к истории будущего» // Известия. — 25.10. 2011.
- 4) Путин В. «Новый интеграционный проект для Евразии — будущее, которое рождается сегодня» // Известия. — 03.10.2011.)
- 5) <http://www.inform.kz/kz/euraziyalyk-ekonomikalyk-odak-onyn-kazakstan-ushin-manyzya2675524> kazinform халықаралық ақпарат агенттігі. Статъя «Еуразиялық экономикалық одақ: оның Қазақстан үшін маңызы»
- 6) <http://e-history.kz/kz> “Қазақстан тарихы” порталы

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ РӨЛІ

Турегалиев Б.Б

ЕҰУ-нің заң факультеті 1курс студенті

Тәуелсіз Қазақстан дамуының мемлекеттік стратегиясын айқындау. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» еңбегінің маңызы. Қоғамның алдындағы мақсат пен міндеттерді анықтау және соған сәйкес бүкіл қоғамды және оның ресурстарын жұмылдыру. Дербес дамудың дара жолын айқындау. Дамудың қазақстандық үлгісі. Қоғамды демократияландыру үдерісін дамыту.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру. Қоғамның конституциялық құрылыс негізін жасау. ҚР рәміздері – туды, елтаңбаны, әнұранды бекіту. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен патриотизмді дамытудағы саяси рәміздердің рөлі мен маңызы.[1.2]

Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы заң. Елдің егемендігін, тұтастығын, қорғанысын, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық армияның құрылуы. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы және оның маңызы. Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлттық валютаны енгізу туралы» Жарлығы және оның маңызы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын анықтау. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту. Мемлекеттік сәйкестікті дамыту, азаматтық бірлікті және саяси тұрақтылықты нығайту. Әлеуметтік және ұлтаралық орнықтылықты сақтау және күшейту.

Бүкілхалықтық референдум, қазіргі қолданыстағы ҚР Конституциясын қабылдау Қазақстанда парламентаризмнің дамуы. Атқарушы биліктің ішіндегі